

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 948 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 223 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 56 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.01.31 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2004 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдеріне сәйкес жүзеге асырылатын қызметтің негізгі мәні бойынша оларды ұйымдардың сатып алуы мемлекеттік сатып алудың мәні болып табылмайтын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 948 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 34, 454-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдеріне сәйкес жүзеге асырылатын қызметтің негізгі мәні бойынша оларды ұйымдардың сатып алуы мемлекеттік сатып алудың мәні болып табылмайтын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізбесі мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын :

"2. Қызметінің негізгі мәні "Байқоңыр" ғарыш айлағының ғарыштық инфрақұрылым объектілерінің базасында жаңа экологиялық қауіпсіз "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру болып табылатын "Бәйтерек" Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамы 2005 жылғы 21 қазанда Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған, 2004 жылғы 22 желтоқсанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімге сәйкес сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер :

1) "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенінің (бұдан әрі - "Бәйтерек" ҒЗК) құрамында пайдалану болжанып отырған техникалық және ұшу кешендерінің

жабдығына тексеріс жүргізу, бөлшектелетін жабдықтың құрамын анықтау, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының көлемін анықтау;

2) "Бәйтерек" ҒЗК құрамында пайдалану болжанып отырған техникалық және ұшу кешендерінің құрылыс конструкциялары мен инженерлік-техникалық жүйелерін зерттеу;

3) "Бәйтерек" ҒЗК-ге техникалық жобаны әзірлеу, жаңа агрегаттар мен техникалық және старттық кешендердің жүйелерін жасау және жұмыс істеп тұрғандарын жетілдіру жөніндегі тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға техникалық тапсырмалар беру, инвестицияларды негіздеу үшін бастапқы деректерді беру;

4) ұшу және техникалық кешендердің, жердегі жабдық жинақтарының, тексеру аппаратурасы мен тасымалдау құралдарының жаңадан құрылатын және жетілдірілетін технологиялық агрегаттары мен жүйелеріне эскиздік жобалар және конструкторлық құжаттама шығару;

5) техникалық тапсырмаларды, бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеу, "Бәйтерек" ҒЗК құрамында пайдалану болжанып отырған ұшу және техникалық кешендер жабдығының белгіленген көрсеткіштерін ұзарту жөнінде жұмыс жүргізу, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, қорытындылар беру;

6) "Бәйтерек" ҒЗК жұмыстарында іске қосылмаған жабдықты бөлшектеу;

7) кешеннің құрылыс бөлігіне бастапқы деректерді беру, ұшу және техникалық кешендерді қайта жаңартуға арналған инвестициялардың негіздемесін әзірлеу;

8) жобаның жұмыс құжаттамасының негізінде іздестіру жұмыстарын жүргізу;

9) ұшу және техникалық кешендерді қайта жаңарту жөніндегі құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған жұмыс жобасын әзірлеу;

10) жетілдірілетін және жаңадан енгізілетін технологиялық агрегаттар мен жүйелердің, жердегі жабдық жинақтарының, тексеру аппаратурасының және тасымалдау құралдарының жабдығын жасау әрі жеткізу;

11) технологиялық агрегаттар мен жүйелерге арналған пайдалану құжаттамасын, жердегі жабдық жинақтарын, тексеру аппаратурасы мен тасымалдау құралдарын шығару, кешенді құжаттаманы шығару;

12) технологиялық жабдықты жасау және жеткізу;

13) құрылыс жұмыстарын жүргізу, ұшу және техникалық кешендерде арнаулы техникалық жүйелерді монтаждау;

14) технологиялық жабдықты, жердегі жабдық жинақтарын, тексеру аппаратурасын монтаждау;

15) іске қосу-жөндеу жұмыстарын, ұшу және техникалық кешендердің жүйелері мен агрегаттарын автономды және кешенді сынауларды жүргізу;

- 16) "Бәйтерек" ҒЗК үшін қазіргі "Байқоңыр" кешеніндегі байланыс және телекоммуникациялық қамтамасыз ету жүйесін жете жарақтандыру;
- 17) "Бәйтерек" ҒЗК өлшеу, ақпарат жинау және өңдеу құралдарының кешенін қ ұ р у ;
- 18) темір жолдарды қайта жаңарту;
- 19) оттегі-азот зауытын және зымыран отын құрауыштарын сақтау кешенін қ а й т а ж а ң а р т у ;
- 20) 11Г141 және 11Г12 май құю-бейтараптандыру станцияларын қайта ж а ң а р т у ;
- 21) бағдарламалық-әдістемелік және кешенді пайдалану құжаттамасын ә з і р л е у ;
- 22) "Бәйтерек" ҒЗК-нің экологиялық, қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі және "Бәйтерек" ҒЗК-ні құру мен пайдалану кезінде зымыран тасығыштан бөлінетін бөліктердің ұшу трассалары мен құлайтын аудандарын қамтамасыз ету ж ө н і н д е г і ж ұ м ы с т а р ;
- 23) регламенттік жұмыстарды, техникалық және ұшу кешендері жабдығын, өлшеу, ақпарат жинау және өңдеу құралдарының кешенін, айдау блогын жер үсті басқару кешенін және "Бәйтерек" ҒЗК инфрақұрылымының басқа да объектілерін ұстау және ағымдағы пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- 24) ғарыштық мақсаттағы зымыранмен жұмыстарға технологиялық жабдық д а й ы н д а у ;
- 25) техникалық және ұшу кешендеріндегі ғарыштық мақсаттағы зымыранды жинау және сынау жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету;
- 26) зымыран отынының құрауыштарын сатып алу және тасымалдау;
- 27) іске қосқаннан кейінгі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары;
- 28) "Бәйтерек" ҒЗК-нің құрылыс ғимараттарының, техникалық және технологиялық жабдықтарының белгіленген көрсеткіштері мен ресурсын ұзарту ж ө н і н д е г і ж ұ м ы с т а р д ы жү р г і з у .

Келісімнің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 948 қаулысының 2-тармағының орындалуын бақылауға жауапты м е м л е к е т т і к о р г а н :

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі